

«Университет докторанттарының ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарларының
орындалу барысы туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«29» қараша 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығына сәйкес докторанттарды қорғауға жіберу үшін келесідей талаптар қойылған:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science немесе Scopus деректер базасында процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала немесе шолу және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 мақала;

2) не Web of Science және (немесе) JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 мақала немесе 1 мақала және 1 шолу;

3) Сенімді баспаларда немесе топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 1 баспа табақ тиесілі);

4) не JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие және Web of Science деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында 1 мақала;

8D01 – Педагогикалық ғылымдар және «8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары топтарының білім беру бағдарламалары бойынша диссертация дайындаған докторанттарда мыналардың болуы талап етіледі:

1) Web of Science немесе Scopus деректер базасында процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 1 мақала немесе шолу және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 мақала;

2) не Басылымдар тізбесіндегі журналдарда біреуі ағылшын тілінде жазылған кемінде 5 мақала және халықаралық ғылыми конференцияларда ауызша 2 баяндама жасау.

JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-факторы бойынша бірінші квартильге кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Докторанттарға қойылатын талаптарға сәйкес, ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарларының орындалу нәтижелерін талдау докторанттардың

мақалаларды уақытылы жарияламағанын көрсетті.

«Университет докторанттарының ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарларының орындалу барысы туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**


1. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жоспарларының орындалуы ғылыми кеңесшілері тарапынан толық қадағалансын (жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: жыл бойы);

2. 2021-2024 жылдары білім алған докторанттардың докторлық диссертация қорғауы бойынша мониторинг жүргізілсін (жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент; орындалу мерзімі: 01.03.2025ж.).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б.Р. Таубаевқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Университет ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін талдау және кадрлық саясатты жетілдіру бағыттары туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«29» қараша 2024 ж.

Университет ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін талдау және кадрлық саясатты жетілдіру бағыттары туралы тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Университетте штаттық кестеге сәйкес құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және ПОҚ пен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары әзірленіп, бекітілген. Лауазымдық нұсқаулықтарда белгілі бір лауазымда еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің негізгі қызметтері, міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі белгіленген. Сонымен қатар, қызметкерлердің және профессор-оқытушы құрам лауазымдарының Біліктілік талаптары бекітілген.

2024-2025 оқу жылында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу, әдістемелік және ғылыми жұмыстарына 316 профессор-оқытушы құрамы қызмет етеді, оның ішінде 254 штаттық оқытушы құрайды. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-да біліктілікті арттыру ҚР жетекші ұлттық университеттерінде және шетелдік жоғары оқу орындарында ПОҚ біліктілігін арттыру курстарынан өтуді көздейтін ағымдағы жылға бекітілген жоспар негізінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ университетте біліктілікті арттыру, педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларын, оқыту семинарларын, курстарды қамтитын бейресми білім беру бағдарламаларын іске асыратын біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы жұмыс істейді.

2023-2024 оқу жылында университеттің 245 ПОҚ және қызметкерлері біліктілігін арттыру курсынан өткен.

«Университет ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін талдау және кадрлық саясатты жетілдіру бағыттары туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілсін (жауаптылар: Кадр саясатын басқару бөлімі, құрылымдық бөлім басшылары; орындалу мерзімі: жыл бойы).

2. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілік курсынан өтуі қадағалансын (жауаптылар: Кадр саясатын басқару бөлімі, ЖЖЖООКББООБ, факультет декандары; орындалу мерзімі: жыл бойы).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау Кадр саясатын басқару бөлімінің басшысы Г.Бектасоваға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

**«Физика-математика факультетінің есебі» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ**

«29» қараша 2024 ж.

«Физика-математика факультетінің есебі» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Физика-математика факультетінде бакалавриат бойынша 8, магистратура бойынша 4 және докторантура бойынша 3 білім беру бағдарламасы бар. Осы білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ететін Физика және математика кафедрасы, Информатика және білім беруді цифрландыру кафедрасы және Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасы, Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасы мен Робототехника және мехатроника зертханасы бар. Факультет өңірдің білім беру саласы мен АКТ саласы үшін жоғары білікті кадрларды даярлауда шешуші рөл атқарады.

- есептік кезеңде факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми дәрежесінің арту динамикасын байқауға болады, 2024-2025 оқу жылының басында 51% болса, докторанттардың PhD ғылыми дәрежелерін алуына байланысты 55% көрсетті.

- 2023 – 2024 оқу жылында сыртқы академиялық ұтқырлық аясында 4 шетелдік жетекші ғалым дәріс және практикалық сабақтар өткізсе, 2024-2025 оқу жылында тағы 3 шетелдік ғалымның, 2 отандық ғалымның сабақ өткізуі жоспарланған.

- Білімгерлердің ішкі академиялық ұтқырлығы бойынша 2024 – 2025 оқу жылының 1-семестрінде 6B01501 - «Математика» ББ-на Шәкәрім университетінен 1 білімгер білім алып жатыр. Білімгерлердің сыртқы академиялық ұтқырлығы бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-жартыжылдығында 2 білім алушы Түркияның жетекші жоғары оқу орындарында білім алды. 2024 – 2025 оқу жылының 1-жартыжылдығында 1 білім алушы Түркияның Чанаккале Онсекиз Март университетінде, 1 білім алушы Польшаның Лодзь университетінде білім алып жатыр. 3 білім алушының Түркияның Анкара қаласындағы Hacettepe University-нің қабылдауы бойынша жауап күтілуде.

- факультетте «Студенттік ғылыми қоғамдастық» және 9 ғылыми үйірме қызмет етеді. Факультет студенттері аймақтық, республикалық, халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары конкурстарына белсенді қатысады.

- факультетте 3 ынталы ғылыми жоба, 5 ғылыми жоба ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылуда. 2025-2027 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға 11 өтінім берілген. Сонымен қатар, факультетте «Тәуелсіздік ұрпақтары» конкурсы аясында 2 жоба орындалуда.

- «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1 оқытушы George Washington University-де «500 ғалым» тағылымдамасынан өтуде, 2 оқытушы құжаттарын дайындауда.

